

**«Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 3 сәуіріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмет туралы есебі**

**1. Жалпы ережелер.**

1. «Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – бөлім) Панфилов ауданының аумағында Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі саласындағы функцияларды орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру негізінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы Заңы негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041300, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Масанчи көшесі 23. байланыс тел. номері: 8(72831)5-50-68

**2018 жылдың 3 сәуіріне көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:**

Бөлім бойынша- 13 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, көрсетілген қызметтер саны барлығы – 1024 оның ішінде;

- Жаңа форматтағы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек аз қамтамасыз етілген 342 отбасы немесе 2008 адамға 24155,6 мың тенге көлемінде тағайындалып, төленді.
- Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау – 96 адамға 4439,7-мың теңге төленді;
- Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау – қыркүйек айына жоспарлануда.
- Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру – 0;
- Ақталған адамға куәлік беру - 0
- Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу - 0;
- Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету - Тифлоқұралдар 40 адамға, сурдоқұралдар 66 адамға облыстық басқармаға тапсырыс берілді. 271 мүгедек гигиеналық құралдармен қамтамасыз етілді.;
- Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу - 120 мүгедекке жеке көмекшінің қызметі көрсетілді;

- Мүгедектерге кресло-арбалар беру – 72 адамға мүгедек арбасына облыстық басқармаға тапсырыс берілді.
- Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету - 103 адам денсаулығына байланысты шипажайларда демалды;
- Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу - 145 мүгедек балаға әлеуметтік қызметкерлер үйде әлеуметтік қызмет көрсетеді;
- Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу - 2;
- Тұрғын үй көмегін тағайындау - 7 отбасына 61,6 мың теңге көлемінде тағайындалып төленді.;
- Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу - 135 адамға 2555,8 мың теңге көлемінде тағайындалып төленді..

## 2. Көрсетілетін қызметті алушылар мен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2018 жылдың 3 сәуіріне көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

**Ескертпе:** есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

**Панфилов ауданының  
жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімінің басшысы**



**А. Жақыбай**